

Назар аударыңыздар! Заңды тұлғалардың, экспорттаушылар мен импорттаушылардың клиенттеріне арналған маңызды ақпарат

Төмендегі ақпаратты назарларыңызға алуды сұраймыз.

30.03.2019 ж. №40 Қазақстан Республикасында Валюталық операцияларды жүргізу ережелеріне өзгерістер енгізілді, аталған өзгерістер 07.08.2020 жылы күшіне енді.

Өзгерістер сатып алынған шетел валютасын мақсатынан тыс пайдалануға тыйым салуға қатысты жасалды.

Валюталық келісімшарт бойынша міндеттерді орындау мақсатында сатып алынған шетел валютасы, шетел валютасын сатып алуға берілген өтінімде көрсетілген валюталық келісімшарт бойынша ғана пайдаланылуы тиіс. Басқа валюталық келісімшарт бойынша міндеттерді орындауға бұрынырақ сатып алынған валютаны пайдаланған жағдайда, валюта сатып алуға рәсімделген өтінімге қосымша өтінімді Банкке бергеннен кейін ғана ақша аударылады.

Басқа уәкілетті банкте қызмет көрсетілетін валюталық келісімшарт бойынша міндеттерді орындау үшін шетел валютасын сатып алған жағдайда, келесі құжаттар тапсырылған кезде ғана Банк шетел валютасын сатып алуға берілген өтінімді орындайтын болады:

1. басқа банктің тіркеу нөмірін (ӨТН болған жағдайда) бергені туралы белгісі қойылған шетел валютасын сатып алу өтінімін;
2. аталған келісімшарттың негізінде қолма-қол емес шетел валютасын ертеректе сатып алынғаны туралы басқа банктің мәліметтерін;
3. «келісімшарт бойынша (келісімшарттың деректемелері, ӨТН (болған жағдайда)) рәсімделген өтінімге (өтінімнің нөмірі, күні) қатысты міндеттерді орындауға арналған өз қаражаттарын аудару» тарауында ақша аударудың мақсатын көрсете отырып, ақша аудару өтінімін.

Сондай-ақ сатып алынған шетел валютасының, сатып алынған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде мәлімделген мақсаттарға, міндеттерді орындауға пайдаланылуға тиіс екенін естеріңізге саламыз, белгіленген мерзімде пайдаланбаған жағдайда, келесі 3 жұмыс күні ішінде Банк шетел валютасын ұлттық валютаға сатуы тиіс.